

**Күз
мезгілінің
картотекасы**





Бақылау 1:

Бұлтты бақылау

Мақсаты: Балаларға бұлттың неге ұқсайтынын қай бағытқа көшіп жатқанын бақылатып әңгімелеу.

Еңбек: Учаскедегі шашылған ағаш бұтақтарын жинату.

Балалармен жеке жұмыс :
«Бұлт» Қ. Әлімқұлов

Түрленді дала, бау- бақша

Құлпыра қалды тау жақта

Қара бұлтты жел қуып

Жөкеп берді аулаққа

Қимылды ойындар: «Ақ қоян»,
«Күзгі тіршілік»

Балалардың өз еріктерімен
жасалатын іс-әрекеттері

The illustration features a central grey text box surrounded by autumn-themed elements. On the left, a hedgehog with a red apple on its back is partially visible. On the right, a bee is flying near a tree trunk, and a large red mushroom with white spots is at the bottom. The background is filled with various autumn leaves in shades of yellow, orange, and red.

Бақылау 2:

Жәндіктерді бақылау

Мақсаты: Күзде жылы жаққа ұшқан құстарды бақылату.

Еңбек: Бөлме гүлдерін суару.

Балалармен жеке жұмыс:
«Қарлығаш»

Қимылды ойындар: «Құс болып ұшамыз»

Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері

A vibrant autumn forest scene. In the center, a large grey oval contains text. The background is filled with colorful autumn leaves in shades of yellow, orange, and red. On the left, a cartoon hedgehog with a red apple on its back peeks out from behind the leaves. On the right, a cartoon bee flies near a large red mushroom with white spots. The top of the image shows a tree with dense autumn foliage.

Бақылау 3:

Ағаштардан желмен ұшып түсіп жатқан жапырақтарды бақылау.

Мақсаты: Жапырақтардың ағаштардан қалай түскенін бақылап, әдемі жапырақтардың айналаға қалай сән беріп тұрғанын әңгімелету.

Еңбек: Шашылған жапырақтарды ұшып келген қағаз қалдықтарын жинау.

Балалармен жеке жұмыс: Ертегі оқып беру «Ағаштар ұйықтайма?»

Қимылды ойындар: Тақия тастамақ

Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері

Бақылау 4:

Құмдағы іздерді бақылау.

Мақсаты: Учаскелердегі құмдағы іздердің кімнің ізі екенін айыра білуге үйрету.

Өз іздерін бір-бірімен салыстыру.

Еңбек: Құм салғыштағы құмды күрекшелерімен көтеру. Балалармен жеке жұмыс: «Санамақ айту»

Берік тіктім

Он ойланып

Тоғыз толғанып,

Сегіз рет сызып,

Жеті рет бұзып.

Алты рет қарап,

Бес рет санап,

Төрт рет қадап.


Үш тал үкі тағып,

Екі қолым талып.

Бір бөрік тіктім, Өзер деп біттім.

Қимылды ойындар: «Тышқан мен мысық»

Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері



Бақылау 5:

Жерге түскен жапырақтарды бақылау.

Мақсаты: Балаларға жапырақтар неліктен жерге түскендігі туралы әңгімелеп айту. Олардың түстерін атау.

Еңбек: Құм салғыштың ішіне түскен жапырақтардан тазалау. Балалармен жеке жұмыс: Балаларға жұмбақ жасыру.

1. Жазда тұрып жоғары,

Күзде жерге қонады (жапырақ)

2. Аспай піскен, Қайнамай піскен (жеміс)

3. Жер бетінде шашы бар

Жер астында басы бар (сәбіз)

Қимылды ойындар: «Ақ серек, көк серек»

Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері



Бақылау 6:

**Күз мезгілінде желді
бақылау**

Мақсаты: Күз мезгіліндегі
желдің салқын болатынын
айту. Балалардың тілін
дамыту, әңгімелеу арқылы.

Еңбек: Учаскедегі шашылған
қағаздарды жинау.

Балалармен жеке жұмыс:
тақпақты оқу. «Желді күн»

(Ж. Смақов)

Гу-гу,гу-гу шықты

Желдеттіде бұлт қуды

Жел соққан соң

Жел тіпті

Жын соққандай жұлқынды

Қимылды ойындар: «Күн мен
түн»

Балалардың өз еріктерімен
жасалатын іс-әрекеттері



Бақылау 7:

Күзгі ауа-райындағы өзгерістерді бақылау.

Мақсаты: Балаларға күз мезгілі туралы әңгімелеу.

Күзгі ауа-райын жазғы ауа-райымен салыстыру, күздегі өзгерістерді айтқызу.

Еңбек: Құм салғыштың айналасындағы құмдарды күрекшемен жинату.

Балалармен жеке жұмыс: «Көкөністер» туралы тақпақ айтқызу Жел тынымсыз гуілдеп

Болып кетті тым бұзық

Шуылдайды тал терек

Жапырағын жұлғызып

Қимылды ойындар: «Ұшты — ұшты»

Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері



Бақылау 14: Ауа-райын бақылау.

Мақсаты: Күз мезгілінің
ерекшеліктерін ұғындыру.
Сөздік қорларын дамыту.

Еңбек: Өз учаскемізді тазалау
Балалармен жеке жұмыс:
Сұрақ- жауап алмасу. Неше ай
бар?

Қимылды ойындар: «Мысық
пен тышқан»

Балалардың өз еріктерімен
жасалатын іс-әрекеттері

Бақылау 13: Жаңбырды бақылау.

Мақсаты: Табиғаттың «көңіл-күйі», жел, жаңбыр, суық екенін сезіндіру.

Еңбек: Аула сыпырушының еңбегін бақылау, көмек беру.

Балалармен жеке жұмыс: Жұмбақ жасыру
Мақсаты: Логикалық ойлау қабілеттерін дамыту
Қимылды ойындар: «Қарлығаш»

Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері

Бақылау 12: «Күзгі құстардың тіршілігін бақылау»

Мақсаты: Балаларға құстардың күзгі тіршілігін бақылату. Олардың іс-әрекеттері туралы әңгімелеу. Күзгі құстардың дауысын тыңдау. Құстардың атын атап, еске сақтау қабілеттерін, тілдерін дамыту.

Еңбек: Құстарға жем беру.

Балалармен жеке жұмыс: С.Сейфулиннің «Бозторғай» өлеңін оқу.

Міне торғай

Үйін қорғай

Жер бауырлап зырлайды

Шырқап биік

Күнге күйіп

Қалмай, сайрап жырлайды

Қимылды ойындар: «Сұр қоян жуынады»
Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері

Бақылау 8: Күзгі ағаштардың жапырақтарының түстерін бақылау

Мақсаты: Күзгі жапырақтар туралы әңгімелер айту, түстерін айтқызу.

Еңбек: Учаскедегі күзгі жапырақтарды бір жерге жинау. Балалармен жеке жұмыс: «Күзгі жапырақтар» туралы оқу

(Қ. Шарғытбаев)

Алтын, сары, қызыл, көк


Алуан-алуан жапырақ

Күзгі бақта күлімдеп

Көз тартады атырап

Қимылды ойындар: «Жапырақ жинау»

Балалардың өз еріктерімен жасалатын жасалатын іс-әрекеттері





Бақылау 9:

«Тұманды бақылау»

Мақсаты: Табиғат құбылыстарын атату.

Соның ішінде бүгінгі ауа-райының өзгерісі тұманды бақылату. Ашық және тұманды күннің ерекшеліктерін салыстыру.

Еңбек: Жапырақтардан әртүрлі бейнелер құрастырту. Балалармен жеке жұмыс: Танысқан дыбыстар бойынша сөздер ойлату.

Қимылды ойындар: «Кетіп қалған кім?», «Қояндар мен қасқырлар» Мақсаты: Рөлдерде ойнай білуге үйрету.

Байқампаздыққа, кеңістікті бағдарлауға үйрету.

Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері

Бақылау 10: «Күзгі желдің бағытын бақылау»

Мақсаты: Балаларға желдің қай бағытта соғып тұрғанын, қандай леп арқылы соғып тұрғаны жөнінде жалпы түсінік беру. Балалардың ойлау, есте сақтау, көру қабілеттерін арттыру.

Еңбек: Балаларға желдің бағытымен ұшқан күзгі жапырақтарды жинату.

Балалармен жеке жұмыс: Күз мезгіліне байланысты көркем сөз жаттату.

Көк майса, көрікті

Алқаптағы көк егін

Бұл күндері кейіпті, Сары жібек көйлегін

Жел тынымсыз гуілдеп


Болып кетті тым бұзық

Шуылдайды тал, терек

Жапырағын жұлғызып.

Қимылды ойындар: «Жел көбік».

Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері





Бақылау 11:

Күзгі ауа-райындағы өзгерістерді бақылау. Мақсаты: Балаларға күз мезгілі туралы әңгімелеу.

Күзгі ауа-райын жазғы ауа-райымен салыстыру, күздегі өзгерістерді айтқызу.

Еңбек: Құм салғыштың айналасындағы құмдарды күрекшемен жинату.

Балалармен жеке жұмыс: «Көкөністер» туралы тақпақ айтқызу

Жел тынымсыз гуілдеп


Болып кетті тым бұзық

Шуылдайды тал терек

Жапырағын жұлғызып

Қимылды ойындар: «Ұшты — ұшты»

Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері



Бақылау 11: «Күзгі желдің бағытын бақылау»

Мақсаты: Балаларға желдің қай бағытта соғып тұрғанын, қандай леп арқылы соғып тұрғаны жөнінде жалпы түсінік беру.

Балалардың ойлау, есте сақтау, көру қабілеттерін арттыру.

Еңбек: Балаларға желдің бағытымен ұшқан күзгі жапырақтарды жинату.
Балалармен жеке жұмыс: Күз мезгіліне байланысты көркем сөз жаттату.

Көк майса, көрікті

Алқаптағы көк егін

Бұл күндері кейіпті ,

Сары жібек көйлегін

Жел тынымсыз гуілдеп

Болып кетті тым бұзық

Шуылдайды тал, терек

Жапырағын жұлғызып.

Қимылды ойындар: «Жел көбік».

Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері